

ЖОҒАРҒЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТӘРБИЕГЕ БАУЛУ

Кенжебай Г.Қ.

В данной статье говорится о социально-экономическом воспитании старшеклассников средствами иностранного языка.

In given article is spoken about social-economic education elder forms by facility of German language.

Әлеуметтік-экономикалық тәрбие қазіргі таңда маңызды проблемалардың бірі болып табылады.

Жоғарғы сынып оқушыларын әлеуметтік-экономикалық тәрбиелеудің теориялық негізін анықтау үшін, «әлеуметтік-экономикалық тәрбие» мен «әлеуметтік-экономикалық білім» деген түсінікті дұрыс қабылдау керек.

Алайда біз тәрбие мен білім деген жалпы түсінікке бет бұрамыз.

Әлеуметтік-экономикалық тәрбие әлеуметтік тәрбиелеу мен экономикалық тәрбиелеудің бір түрі болып табылады. Ең алдымен олардың мазмұның қарастырайық.

Қазіргі уақытта әлеуметтік тәрбиелеудің мазмұнының ешқандай пікірлері жоқ. Алайда әлеуметтік тәрбиелеудің объектісі болып табылатын әлеуметтік педагогиканың қарсыластары бар және олар әлеуметтік педагогиканы ерекше педагогикалық ғылымға бағытталғанын белгілейді. Олар барлық педагогиканы әлеуметтік, ал тәрбиені әлеуметтік мінезге бағыттап және де олардың ешқандай қарсыластық туғызбайтынын айтады. Белгілі көзқарастар бойынша тәрбиелеудің негіздерін пайдалану арқылы арнайы бағыттарды анықтауға болады.

Бірінші классификацияның негізі ретінде А.В. Мудрик әлеуметтік тәрбие деп мемлекет пен қоғам арқылы іске асырылып отыратын арнайы құрылған ұйымдарды айтқан. Оның айтуынша, әлеуметтік тәрбие-адамның мақсаттық дамуы мен рухани-құндылық бағытына жоспарлық жағдай жасау. Айтылған түсінік біздің ойымызша жеткілікті түрде қолайлы емес. Шындыққа келетін болсақ, әлеуметтік тәрбиені осылай түсінуде, мысалы құқық тәрбиесінде мысалы ретінде құқық қорғау ұжымдары іске асыратын болса, ал эстетикалық тәрбиені өнер адамдары мен өнер ұжымдары ұйымдастыратын болса... . Алайда мәселе басқаша, іс-шаралар нақты түрде жүзеге аспайды. Басқа жағдайларда классификацияның негізі ретінде тәрбиенің мағыналы бағытын көрсеткен. Сонымен қатар, «әлеуметтік» және «әлеуметтік тәрбиенің» анықтамаларына басқа да көзқарастар бар. [1]

З.Д. Кенесариннің айтуы бойынша, әлеуметтанудың соңғы мақсаты бір жағынан адамды жеке тұлға ретінде, ал екінші жағынан қоғамның мүшесі ретінде көрсетеді. Сонымен қатар, екі жақты ұсыныстарды қайта қалпына келтіру. Ол әлеуметтануды жеке тұлғаның қайта дамуына бағытталғанын және апаттың, қоғамның іс-әрекеттерінің әсеріне байланысты жеке тұлғаның өсуін көрсетеді. [2]

Д.Ж. Маркович «әлеуметтік» деген мағынаны өзіне сеніммен көпшілік ортада және табиғаттың қоғамдық мінезі ретінде қарастырады, өзін көпшілік алдында еркін ұстауын айтады.

Әлеуметтану мазмұнының процесі қоғамды қызықтыруы күмәнсіз. Қоғам мүшесі қоғамдық рөлдерді сәтті басқаруы, өндірістерде қызмет етуі, берік отбасын құруы, заң таңдаушы азаматтар болуымен және т.б. дәлелдейді. Бұл адамды әлеуметтану объектісі ретінде сипаттайды.

Дегенмен де толық әлеуметтану адамның бұл процеске тек объектігі емес, сонымен қатар субъект ретінде де қарастырылады.

Әлеуметтану процесі адамды білім жүйесін меңгеруіне, нормамен құндылықты, олардың оған толықтай қоғам мүшесіне қызмет етуіне көмектеседі. Әлеуметтану өзіндік жаратылыстану, қоғамдық талаптарды уақытымен меңгеру, маңызды әлеуметтік сипатқа ие болу, тәртіппен ойды олардың қоғамға өзара қатынасын реттеп отыру процесі болып табылады. [3]

Адам туралы «Әлеуметтану» термині саяси экономикадан келген. Бұл терминнің авторы ағылшын социологі Ф. Г. Гиддингс болатын. Ол 1887жылда «Әлеуметтану теориясында» оның табиғаттың дамуында адамның әлеуметтік дайындалуына байланысты қолданған.

Кең таралған экономикалық әлеуметтану экономикалық психологияның есепсіз проблемасы түрінде қарастырылып отыр. Бұл зерттеу-пәні экономикалық сана. Экономикалық әлеуметтану экономикалық санамен, рөлдерді меңгеруімен, сонымен қатар дағдылар мен экономикалық тәртіптер процесі түрінде қаралады. Онтогенезде экономикалық сана ең кең құрастырылып жеке бастаған және ол сол кезінде адам ұдайы өндіріске толық машықтанған кезде ғана құрыла бастады.

Әлеуметтану процесін шартты түрде 4 құраушының жиынтығы ретінде қарастыруға болады: Әлеуметтік-экономикалық және әлеуметтік-мәдени реалиялармен айқындалатын стихиялық әлеуметтік әрекеттестік және қоғамдық өмірдің объективті жағдай әсерімен болатын әрекеттестік.

Мектептегі әлеуметтік-экономикалық білім алудың мақсаты – оқушыларды экономиканың негізгі компоненттерімен таныстыру. Бұл оқушылардың өздерін қоршаған ортасымен, оның экономикалық құрылымымен кеңірек танысуына мүмкіндік береді. Оқушылар дәрістерде алған ақпараттарды қолданысқа енгізуді әдетке айналдыруы қажет, өйткені талап етілмеген білім керексіз болып ұмтыла бастайды.

Қарқынды даму үстіндегі қоғамда бейімделе білетін адам ғана жеңіске жете алады. Ал экономикалық бейімделу жағынан кәсіби мобильділік басты роль атқарады, себебі, еңбек майданындағы бәсекеге қабілеттілік жаңа ақпаратты өздігінен сапалы өңдей алатын адамда ғана болады.

Қазақстанның экономикалық реформаларының жетістігі қоғам мүшелерінің әлеуметтік-экономикалық белсенділігіне байланысты. Сол себепті, жастардың нарық, кәсіпкерлік істеріне практикалық араласуына құштарлығын бағалауымыз қажет. Алайда, мұндай процестің жүйесіздігі жеке тұлғаның дамуы мен қалыптасуына оң әсерін бермейді, керісінше, күнде қатары толып келе жатқан

салым және байлыққа қатысты еңбек және шығармашылық компонентінен айырылған жастардың бағдарымен ере жүруде. Бүгінгі күнгі Қазақстанның тауқыметі мынада болып тұр: ақша құндылықтары шынайы құндылықтардың ролін ысырып тастауда, ал нарық өмірдің көптеген жерлерінде орын алған. Сондықтан «Қазақстандық білім арудың 2010 жылға дейінгі модернизациясының қорытындыларында» кездескен әлеуметтік-экономикалық білім беру мен тәрбиелеу жөнінде сұрақтарына педагогтардың назар аударуы маңызды. Мұнда: «...оқушыларда мемлекеттік жауапкершілік пен құқықтық танымды, руханилық пен мәдениетті, ынталылықты, толеранттықты, қоғамда табысты әлеуметтенуге қабілеттілікті дамыту», - деп айтылған. [4]

Экономиканы үйренуде алынған білім түлектерге нарықтық экономиканың сұрақтарына шешім іздеуіне жеңілдік береді, саналы түрде мамандық таңдауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, ұдайы өзгеріс үстіндегі қазақстандық қоғамда оқушылардың бағдарға және әлеуметтік бейімделуге қажет экономикалық сауаттылықтың базалық деңгейін құру.

Қазіргі қоғамның даму ерекшелігі, әлеуметтік-экономикалық терең өзгерістер зерттеушілердің экономика және халықтың экономикалық тәрбиелеу мәселелеріне баса назар аударуына себеп болып отыр. «Экономикалық тәрбиелеу» және «экономикалық білім алу» түсініктері кең өріс алған. Экономикалық тәрбие – бұл адамды ресурсты сақтаушы позиция тұрғысынан дамыту. Экономикалық тәрбиенің маңызын аша келе, біз бұл мәселені шешудің түрлі жолдары бар деген пікірге келдік. Кейбір авторлардың ойынша- экономикалық тәрбие мен білім алу түлектердің өмір мен еңбекке дайындық кезінде пайда болып, олардың азаматтық, еңбектік және адамгершілік жетілудің шарттарының біріне айналады.

Оқушылардың экономикалық қызметі – олардың оқу-еңбек және қоғамдық қызметінің құрама бөлігі. Авторлардың пайымдауынша, шынайы экономикалық тәрбие тек еңбек процесі кезінде ғана жүзеге асады. Бөлек шығармаларда «экономикалық білім» мен «экономикалық тәрбие» ұғымдары ажырамас ұғым ретінде түсіндіріліп келеді. Мысалы, бірқатар ғалымдардың экономикалық тәрбиенің мағынасын: «оқушылардың экономикалық білім алуы, іскерлік пен қажеттілікті дамыту, практикада қолдану...». (И.А.Сасова, П.Б.Шемякин), - деп түсінгенін алуға болады. [5]

Кейбір зерттеушілер экономикалық тәрбиені анықтау кезінде оның негізі жеке тұлғаның өндіргіш-экономикалық қызметіне, сонымен қатар күнделікті өміріне қажет экономикалық ойлауын, санасын және басқа да әлеуметтік-психологиялық қасиеттерін жетілдіру екенін анықтады (Ю.К.Васильев, А.С.Нисимчук, А.К.Осницкий, И.Б.Иткин, В.Д.Попов, Л.П.Кураков, В.А.Товстик және басқалар). Басқа авторлар экономикалық тәрбие еңбекке, құралдарға, қоршаған ортаға, ресурстарға, материалды құндылықтарға, ақшаға, тұтыну заттарына, уақытқа жауапкершілікпен, саналылықпен, ұғымдылықпен қарау кезінде (В.К.Розов, Б.П. Шемякин), оның нәтижесімен айқындалады деп санайды (А.С.Прутченков, В.К.Розов, Б.П.Шемякин). Зерттеу анализі «экономикалық тәрбие» мен

«экономикалық білім алу» ұғымдарын айыруға мүмкіндік береді. Экономикалық тәрбие оқушылардың экономикалық білімдерге, еңбекке, оның нәтижелеріне, уақытқа, қоршаған ортаға, ақша құралдарына және т.б. қатынасын жетілдіруге жағдай жасайды.

Экономикалық тәрбиенің баяндылығын айқындайтын маңызды фактор – экономикалық білім. Бұл ғылыми әдебиеттерде білім алушылардың экономикалық біліммен қарулануы ретінде қарастырылады (Д.Д. Рябов, Ю.К. Васильев, Л.П.Кураков, Б.П.Шемякин). [6]

Бұл көрсетілген нұсқаулар тұлғаның әлеуметтік жағынан қажетті болып табылатын қасиеттерімен экономикалық тәрбиені байланыстырады. Сол себепті экономикалық тәрбиені адам мен қоғам арасындағы қарым-қатынастың үйлесімділігіне, білім алу мен еңбек етуге талпындыратын ниеттің пайда болуына, жаңа экономикалық-әлеуметтік жағдайларға үйренісуге жағдай жасайтын қасиеттердің адам бойында қалыптасуы деп түсінеміз. Сонымен, оқушылардың бойында қандай әлеуметтік-экономикалық қасиеттерді қалыптастыру керек? Экономикалық қасиет дегеніміз- бұл білім алуды, еңбекке дағдылануды, адам мен қоғам арасындағы үйлесімділікке талпынуды, күнделікті өмірде қоғамның мүддесі үшін аз ғана шығынмен үлкен нәтижеге қол жеткізуді қамтамасыз ететін әлеуметтік-экономикалық тәрбиенің қасиеті.

Бұл тек қана ұйымшылдық, жауапкершілік, іскерлік, тіл тапқыштық, болжағыштық емес, бұл сонымен қатар мырзалық, адамгершілік, адалдық, мейірімділік (мысалы материалдық көмек, қолдау көрсету, қамқорлық жасау және т.б.)

“ҚР азаматтарының жаңа әлеуметтік-экономикалық тәртібін қалыптас- тыру туралы тұжырымдамасында” мектеп оқушыларының білім алуы мен әлеуметтік-экономикалық тәртіптің негізгі мақсаты көрсетілген. Негізгі мақсаты- тәрбиеленушілерді жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайларға дағдыландыру және шоғырландыру, бәсекелесуге қабілетті тұлғаларды дайындау және т.б.

Жоғарыда айтылғандардың барлығы тәрбиенің ажыратылмас бөлігі ретінде әлеуметтік-экономикалық тәрбиеге өтуге мүмкіндік береді. Сонымен бұрынғы тәжірибелердің теориялық анализіне сүйене отырып, жоғарғы сынып оқушыларының әлеуметтік-экономикалық білімнің, болашақ мамандығына әсерін тигізетін және жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайларға дағдылануға үйрететін әлеуметтік жағынан қажетті қасиеттердің қалыптасуына бағытталады деген қорытындыға келді.

Байқағанымыздай, бұл нұсқауларға тек әлеуметтік емес, экономикалық тәрбиенің де негізі кіреді.

Біз әлеуметтік-экономикалық тәрбие, білім алу, сана, ойлау сияқты терминдерді қарастырып, әртүрлі зерттеулердің анықтамасын келтірдік. Жалпы әдіснамалық және теориялық жағдайларға сүйене отырып, білім беру мен тәрбиелеу процестерінде іске асатын әлеуметтік-экономикалық тәрбиені қалыптастыру үшін қажетті негізгі шарттарды бөліп қарастырамыз:

1. Қоғамдық құнды мақсатты бағыттылық.

2. Ұйымдардың бірлігін, оқу және оқудан тыс жұмыстардың нәтижелерін, пәндер арасындағы байланысты іске асыруды, мектеп оқушыларын әртүрлі еңбек, танымдық шараларға еліктіруді қамтамасыз ететін кешенді тәсіл.
3. Мектептегі білім беру жүйесіндегі тұлғаның қалыптасуының барлық кезеңін қамтитын процестің үздіксіздігі.
4. Кешенді түрде арнайы мақсатпен жеке тұлғаға, сонымен бірге сезімге, тәртіпке әсер ететін адамның бойындағы интеллектуалды, эмоционалды қасиеттерді қалыптастырудың іске асырылуы.
5. Әлеуметтік-экономикалық бағыттың оқу және оқудан тыс саласын үйреніп, танып білудегі белсенділіктің, дербестіктің, бастамашылықтың дамуы.
6. Оқушылардың әлеуметтік-экономикалық тәрбиесі жөніндегі ұйымның оқу және тәрбиелеу процесіндегі жұмыстардың жеделдетілуі.
7. Оқушылардың жеке және жасына қарай ерекшеліктерін ескеру.
8. Оқушының бойында болашақ мамандығына, іскерлік саласына ықпалын тигізетін қасиеттерді қалыптастырудың қажеттілігі.

Әлеуметтік-экономикалық тәрбиенің бұл мақсаттары мен ұстанымдары оқушыларды тәрбиелеу процесінің амал-тәсілдерін, формасын құрастырудағы маңызды фактор болып табылады. [7]

Осылайша, әлеуметтік-экономикалық тәрбие-тәрбиелеу жұмысының жалпы міндеттерінің кеңеюіне бағытталады және саяси-идеялық, еңбек және т.б. бағыттарды байланыстырушы буынның рөлін атқарады. Сонымен қатар әлеуметтік-экономикалық тәрбие жалпы ұстанымдарға сүйеніп, өзіне тән амалдар мен тәсілдер арқылы жүзеге асырылады.

Әдебиеттер:

1. Мудрик А.В. Социальная педагогика. М., 1999 стр.345
2. Кенесарина З.У. Социальное воспитание американских школьников; теория и практика. Алматы, 2002, стр.260
3. Маркович Д.Ж. Социализация и «смутное время». М.,1999 стр. 200
4. Концепция формирования нового социально-экономического поведения граждан Республики Казахстан. 1995 стр. 45
5. Сасова И.А. Социально-экономическое образование и воспитание учащихся. М.,2001 стр. 250
6. Шемякин Б.П. Экономическое воспитание старшеклассников как педагогическая проблема. // Диссертация канд. пед. наук. 1978, стр. 271
7. Закон Республики Казахстан об образовании. Алматы, 1999 стр. 35
8. Концепция государственной политики в области образования. Алматы, 1996, стр. 20